**БҮГІН БІЗ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫ ҮШІН АЙРЫҚША МАҢЫЗЫ БАР ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСЫП ОТЫРМЫЗ. ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ЖАҢА STADLER ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНДАРЫН ІСКЕ ҚОСУ – ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДЫ ЖАҢАРТУМЕН ҚАТАР, ОТАНДЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІ ӨРКЕНДЕТУ, ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ, ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ МАМАНДАРЫМЫЗДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ. ЖОЛАУШЫЛАР ЖОЛ ЖҮРУДІҢ ЖАҢА ЖАЙЛЫЛЫҒЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙТЫНЫНА СЕНІМДІМІН.**

Жәнібек ТАЙЖАНОВ,
Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі




№91 (3238)
17/11/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ


## КАЧЕСТВО РЕМОНТА – ЗАЛОГ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ

**Безопасность движения пассажирских поездов и качество обслуживания подвижного состава стали главными темами совещания в АО «НК «ҚТЖ». В обсуждении приняли участие представители частных перевозчиков и вагоноремонтных предприятий.**



**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Совещание прошло под председательством заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Марата Шакенова. Участники подвели итоги работы за десять месяцев 2026 года, обсудили причины нарушений безопасности движения, техническое состояние пассажирских вагонов, качество их ремонта и случаи задержек поездов.

Сегодня в Казахстане, помимо АО «Пассажирские перевозки», работают 14 частных пассажирских железнодорожных компаний. Поэтому обеспечение безопасности требует слаженной работы всех участников перевозочного процесса – от перевозчиков до предприятий, отвечающих за техническое обслуживание и ремонт вагонов.

По итогам отчетного периода зафиксировано 13 случаев нарушения безопасности движения по вине сторонних организаций и вагоноремонтных предприятий. Это на два случая больше, чем за аналогичный период прошлого года. Кроме того, технические неисправности, допущенные по вине ремонтных предприятий, стали причиной 19 задержек пассажирских поездов.

В текущем году плановый ремонт прошли 411 пассажирских вагонов. Вместе с тем 521 вагон был направлен на текущий отцепочный ремонт по вине вагоноремонтных предприятий. Общий сверхнормативный простой составил 2 305 суток. Еще 14 вагонов задержались при выходе из ремонта – суммарно на 65 суток сверх установленного срока.

Отдельно рассмотрены показатели частных пассажирских перевозчиков. За десять месяцев с поездами их формирования произошло пять случаев нарушения безопасности движения, а по техническим причинам зарегистрировано 20 задержек.

Наряду с техническими проблемами участники совещания обозначили и организационные вопросы. В частности, отмечены несвоевременное предоставление сведений о неисправностях подвижного состава и причинах задержек, а также несоблюдение сроков подачи заявок на прицепку и отцепку вагонов. Подобные недочеты затрудняют оперативное взаимодействие и влияют на организацию перевозочного процесса.

В ҚТЖ подчеркнули, что обеспечение безопасности движения не ограничивается контролем на железнодорожной инфраструктуре. Важную роль играют техническая исправность вагонов, качество ремонтных работ и ответственность каждого предприятия, задействованного в перевозках.

По итогам встречи руководителям организаций поручено устранить выявленные нарушения, усилить производственный контроль за техническим состоянием вагонов и качеством ремонта. Особое внимание необходимо уделить обеспечению ремонтных участков запасными частями и квалифицированными специалистами. Кроме того, поставлена задача повысить персональную ответственность руководителей за безопасность движения и наладить своевременный обмен информацией с подразделениями ҚТЖ.

Безопасность пассажиров остается общей ответственностью всех участников железнодорожных перевозок. И здесь важна не только оперативность устранения неисправностей, но и предупреждение их возникновения на каждом этапе работы с подвижным составом.

### ҰЛТТЫҚ AITU МЕССЕНДЖЕРІ ҚОЛЖЕТІМДІ

**Енді Қазақстанда пойыз жолаушылары ұлттық Aitu мессенджерін тегін пайдаланып, ұзақ сапар барысында да жақындарымен хат алмасып, хабарламалар жібере алады.**

Бұл мүмкіндік жолаушылар пойыздарындағы интернет инфрақұрылымын дамыту нәтижесінде іске асырылды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ серіктестерімен бірлесіп, жолаушыларға сапар уақытын барынша жайлы өткізуге және жақындарымен тұрақты байланыста болуға мүмкіндік беретін заманауи жағдайлар жасауда. Еске сала кетейік, қазан айында 1 500-ден астам жолаушылар вагонын жоғары жылдамдықты Starlink спутниктік интернетімен жабдықтау жоспары жарияланған болатын. Жобаның алғашқы кезеңінде жолаушыларға бір ай бойы интернетті тегін пайдалану мүмкіндігі ұсынылды.

Қазіргі уақытта Aitu ұлттық мессенджері қолжетімді. Оның көмегімен жолаушылар туыстарымен және достарымен байланыста болып, хабарламалар алмаса алады, сондай-ақ күнделікті қарым-қатынасқа арналған ыңғайлы құралдарды пайдалана алады. Сонымен қатар Aitu мессенджерінде қазақ және орыс тілдері арасындағы хабарламаларды автоматты түрде аудару, ақша аударымдарын жасау, шоттар ұсыну және электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы құжаттарға тікелей чат ішінде қол қою мүмкіндіктері қарастырылған.

*Ұлан ОРАЗ*

## Жолаушы тасымалы

## АСТАНАДАН СЕМЕЙГЕ АТТАНДЫ

**Өткен жұмада елорданың «Нұрлы жол» вокзалынан Қазақстанда шығарылған Stadler вагондарынан жасақталған жолаушылар пойызы Астана – Семей бағытымен сапарға шықты. Жаңа пойызға жолаушылар тарапынан сұраныс жоғары болып, алғашқы рейске 467 билет сатылды. Бұл пойыздағы барлық орынның 90% құрайды.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана



Жаңа вагондар №153/154 «Нұрлы жол – Семей» пойызының құрамында күнара қатынайды. Пойыз Астанадан сағат 16:40-та аттанып, келесі күні таңғы 06:10-да Семейге жетеді. Кері бағытта Семейден сағат 15:00-де шығып, Астанаға келесі күні 05:05-те келеді. Жаңа пойыз құрамы 13 вагоннан тұрады. Оның ішінде 5 купе, 5 плацкарт, 1 штабтық вагон және электр қуатымен қамтамасыз ететін 2 вагон-электр станциясы бар. Астана – Семей бағытында әйелдерге арналған арнайы вагон да сақталған. Бұл әйел жолаушылардың сапар барысында өздерін жайлы сезінуіне мүмкіндік береді.

Аталған бағыттағы пойыз құрамының жаңартылуы – еліміздегі жолаушылар вагондары паркін жаңғырту бағдарламасының кезекті кезеңі. Бұл жұмыс теміржол көлігіндегі қауіпсіздікті күшейтуге, жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға және қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған. Stadler вагондары Қазақстанның климаттық ерекшеліктеріне бейімделген. Олар – 50 градустан +45 градусқа дейінгі температурада пайдалануға жарамды. Вагондардың қызмет ету мерзімі – 40 жыл.

– Жолсерік болып жұмыс істеп келе жатқаныма 21 жыл болды. Осы аралықта Астана – Алматы, Астана – Арқалық, Астана – Мәскеу бағытындағы пойыздарда жұмыс істедім. Соның ішінде әрине бүгін пайдалануға беріліп отырған пойыздың жөні бөлек. Ең бастысы бұрынғыдай көмір жақпаймыз, сонымен қатар өз алдына бөлек климаттық бақылау бар, яғни әр купені жарықтандыру және жылуын реттеу жүйесі баяғыдай бүкіл вагонға ортақ емес, өз алдына бөлек басқарылады. Сосын, әрине, іші де жаңа, заманауи, өте жайлы вагондар. Жолаушыларға да ұнайтынына сенімдімін, – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Сұңқар» филиалының жолсерігі Назгүл Махметова.

Купе вагонында 40, ал плацкарт вагонында 58 жолаушыға арналған орын бар. Жолаушылардың жайлылығы үшін вагондар климаттық бақылау жүйесімен, жеке жарықтандыру шамдарымен, 220 В электр розеткаларымен, USB және USB-C қуаттау ұяшықтарымен, бейнебақылау жүйесімен және жүк сақтайтын орындармен жабдықталған. Қозғалысы шектеулі жолаушылар үшін де арнайы жағдай жасалған. Сондай-ақ пойызда тамақтануға арналған буфет аймағы қарастырылған. Келесі рейстерге билеттерді bilet.railways.kz сайтынан және теміржол кассаларынан сатып алуға болады.

*Суретті түсірген Людмила ШИКЕРА*

### 90% БИЛЕТОВ ПРОДАЮТСЯ ОНЛАЙН

**В Казахстане растет популярность цифровых сервисов при покупке железнодорожных билетов. По итогам десяти месяцев 2026 года доля онлайн-продаж АО «Пассажирские перевозки» достигла 90%.**

Одним из востребованных инструментов для пассажиров остается электронная очередь «Лист ожидания», работающая с 2019 года. Сервис позволяет оставить заявку на приобретение билета, если на нужный поезд нет свободных мест.

За январь – октябрь 2026 года благодаря электронной очереди пассажирам удалось найти 333 тысячи свободных мест, из которых 108 тысяч билетов были выкуплены.

Всего с момента запуска сервиса найдено более 2,6 миллиона мест, а пассажиры приобрели 952 тысячи билетов.

АО «Пассажирские перевозки» продолжает развивать цифровые решения, делая процесс покупки билетов удобнее и повышая доступность железнодорожных перевозок.

*Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ*



**Шолпан АБИЛЬБЕКОВА,**
Почетный железнодорожник:

> ЗА ГОДЫ РАБОТЫ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ Я ЗНАЮ, НАСКОЛЬКО ВАЖНА ДЛЯ КАЖДОГО РАБОТНИКА ПОДДЕРЖКА СЕМЬИ. СОВМЕЩАТЬ ОТВЕТСТВЕННУЮ РАБОТУ С ВОСПИТАНИЕМ ДЕТЕЙ И СЕМЕЙНЫМИ ОБЯЗАННОСТЯМИ ВСЕГДА БЫЛО НЕПРОСТО. ПОЭТОМУ СОВМЕСТНЫЙ СЕМИНАР ҚТЖ И ЮНФПА – ВАЖНЫЙ ШАГ В РАЗВИТИИ СЕМЕЙНО ОРИЕНТИРОВАННОЙ ПОЛИТИКИ. ПРИЗНАНИЕ ҚТЖ АМБАССАДОРОМ ЭТОЙ ПОЛИТИКИ ПОДТВЕРЖДАЕТ, ЧТО ЗАБОТА О СОТРУДНИКАХ И ИХ СЕМЬЯХ – ЗАЛОГ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ПОКОЛЕНИЙ И ПРИВЛЕЧЕНИЯ МОЛОДЕЖИ В ОТРАСЛЬ

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ
**70**
НОВЫХ ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ КАЗАХСТАНСКОГО ПРОИЗВОДСТВА RWS WAGON ПОСТАВЛЕНО ДЛЯ АО «НК «ҚТЖ» В ЗАПАДНЫЙ РЕГИОН.

ТОО «ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ОБНОВИЛО
**277 км**
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ.

С НАЧАЛА ГОДА БЛАГОДАРЯ ПРОФЕССИОНАЛИЗМУ И БДИТЕЛЬНОСТИ ЛОКОМОТИВНЫХ БРИГАД НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕЕЗДАХ ПРЕДОТВРАЩЕНО
**63**
ДТП.

## ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙДЫ

**Жуырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Марат Шәкеновтің төрағалығымен арнайы құрылған көшпелі комиссия Семей өңіріндегі теміржол шаруашылықтары мен қызметкерлердің қысқы кезеңге дайындығына бақылау тексерулерін жүргізіп, қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланған.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Оның аясында бөлімше басшыларымен жедел кеңестер өткізіліп, жедел шешуді талап ететін мәселелердің арнайы тізбесі жасалып, оның аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бүгінде НЖС-6 бөлімшесі мекемелеріне қарасты қар тазалау және қардан аршу техникасының дайындығы жоғары деңгейге келтірілді. Сондай-ақ ПЧ-39, ПЧ-40 және Аягөз жол дистанцияларындағы пневматикалық үрлеу жүйелері мен компрессорлық станциялардың жұмыстары да жүйеленді.

Бүгінгі таңда Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша 1241 шақырымды құрайтын бас жол бар десек, оның ішінде 724 шақырымы Семей өңіріне тиесілі екен. Осынау байтақ желі бойындағы қысқа дайындық жұмыстары соңғы апталарда бірнеше мәрте тексеру жұмыстарынан соң толыққанды орындалды. Соның нәтижесінде Семей аймағындағы 52 айырма пункт қарашаның алғашқы қара суығын өткеріп, қысқа қамсыз кірді деуге болады.

Қазіргі таңда теміржол мекемелерінде қатты отынның мол қоры әзірленген. Тұрмыстық және техникалық көмірмен, мазутпен, жанар-жағармаймен қамту биыл ерте бастан қолға алынды. Қысқы киім мен керек-жарақтар да толық алынды. Қысқасы, бүгінгі таңда жабдықтардың техникалық жағдайы және қысқы кезеңдегі қызметтік штаттың жасақталуы да жоғары деңгейде. Қараша айының 13 күнгі көрсеткіш бойынша бөлімше аумағындағы барлық қызметтік ғимараттар мен нысандардағы ағымдық және күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған. Тек осы тоқсанда санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту аясында



Семей бөлімшесіндегі 5 нысанда ішкі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алғашқы кезекте локомотив бригадаларының демалыс үйлеріндегі машинистер мен олардың көмекшілеріне жасалған тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ жолшылардың жылыну үйшіктері бірінші кезекте назарға алынғанын айта кету керек. Бұл жұмыстарды соңғы жылдардағы қалыптасқан дәстүр бойынша жергілікті «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС сапалы орындап шықты.

Табиғаты күрделі климаттық белдеуде орналасқан Семей теміржолында қысқы мезгілдегі пойыздарды өткізу қабілеті мен қауіпсіздікті арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасып жатыр. Шаруашылық ревизорларының айтуынша, ендігі міндет қозғалыс қауіпсіздігін басқару, теміржол инфрақұрылымының жай-күйін кешенді тексеру, қысқы жағдайларда шаруашылық пен персоналдардың жұмыстарын бағалау, сондай-ақ нормативтік құжаттардың сақталуын тексеру шаралары күшейтілмек.

*Суретті түсірген автор*

КТ rail-news.kz

№91 (3238) 17/11/2026

## ЖИ – КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ

ТЕХНОЛОГИЯ

**Нұрбек БЕКЕН,**
Астана

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ бірнеше жылдан бері бес мыңнан астам нормативтік-техникалық құжатты өңдейтін ЖИ-көмекшілерді де пайдаланып келеді.**

Модельдер компанияның ішкі құжаттары негізінде оқытылып, қызметкерлерге қажетті ақпаратты санаулы секунд ішінде табуға көмектеседі. Сонымен қатар миллионнан астам гигабайт деректі саралайтын тасымалдау ағындарын талдау модулі іске қосылған: ол, тасымалдардағы ауытқулар мен айналып өту схемаларын анықтап, шығындарды азайтып, операциялардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық даму стратегиясында Huawei компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан «Ақылды теміржол» жобасы да ерекше орын алады. «Интеллектуалды» теміржол, «интеллектуалды» инфрақұрылым, «интеллектуалды» диагностика және «интеллектуалды» қозғалыс бағыттарын бірыңғай экожүйеге біріктіріп, оның құрамында өзіндік киберқауіпсіздік орталығы жұмыс істейтін болады.

## 80 МЫҢ АДАМ ҚАМТЫЛДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

**Азаматтардың жарақаттануының алдын алу ҚТЖ басымдықтарының бірі болып қала береді.**

Компания құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, еліміздің барлық аумағындағы теміржол нысандарында профилактикалық іс-шаралар өткізіп келеді. Бұл жұмыстар «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы шеңберінде жүргізілуде.

Мәселен, 2026 жылдың басынан бері 1500 астам профилактикалық жиналыс ұйымдастырылып, оған 80 мыңға жуық адам қатысты. 1 247 рейд жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша 2 067 әкімшілік айыппұл салынды. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар атына 1 340 ақпараттық хат жолданды.

Жеке бағыт – балалар жарақатының алдын алу. 1-15 қыркүйек аралығында теміржолшылар Қазақстанның 20 өңіріндегі 370 мектеп пен 19 колледжде қауіпсіздік сабақтарын өткізді. Темір жолдағы тәртіп ережелері 35 093 оқушы мен 468 студентке түсіндірілді. Көрнекілік үшін тақырыптық материалдар қолданылды.

Мұндай кездесулер балалар мен жасөспірімдердің назарын темір жол ойын алаңы емес, қауіпті аймақ екендігіне, сондықтан қауіпсіздік ережелерін сақтау және өз өміріне қауіп төндірмеу қажеттілігіне аударуға көмектеседі.

## ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСТІ

ДӘРІС

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

**Жамбыл локомотив пайдалану депосының машинист-нұсқаушысы Нұрдос Дәуренбеков Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде болашақ теміржолшыларға арнайы дәріс сабағын өткізді.**



Теміржол саласына мамандар даярлайтын колледж басшылығы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Жамбыл аймақтық филиалдарына қарасты мекемелермен әлеуметтік серіктестік аясында меморандум жасасқан. Осы ортақ келісім аясында дуальды білім беру жүйесі бойынша студенттердің практикалық дағдыларын дамыту іс-шаралар жоспары бекітілген.

«KZ8A электровозы» тақырыбындағы дәріс студенттердің теориялық білімдерін өндірістік тәжірибемен ұштастыру, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Өндіріс маманы Нұрдос Бекдосұлы сабақ барысында өз тәжірибесімен бөлісті. Электровоздың техникалық ерекшеліктері, негізгі құрылымы, жұмыс істеу принциптері мен пайдалану тәртібі туралы жан-жақты түсіндірді.

Сонымен қатар электровозды басқару кезіндегі қауіпсіздік талаптарына тоқталып, локомотив бригадасының жауапкершілігі және өндірістік жағдайда кездесетін түрлі жағдайлар туралы әңгімеледі. Тәжірибелі маман болашақ теміржолшыларға кәсіби білімді терең меңгерудің, техникалық сауаттылықтың, еңбек тәртібі мен жауапкершіліктің маңыздылығын атап өтті.

Кері байланыс форматында өткен тәжірибелік сабақта болашақ теміржолшылар сұрақтарын қойып, өндірістегі нақты жұмыс үдерісі туралы пайдалы ақпарат алды.

– Теориялық дәрісті практикалық сабақпен ұштастырудың маңызы зор. Себебі өндіріс маманы мұндай жағдайлармен күнделікті тәжірибеде кездеседі. Сондықтан студенттердің таңдаған мамандығына деген қызығушылығын арттырып, теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыруға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Колледж бен өндіріс арасындағы тығыз байланыс – бәсекеге қабілетті, білікті маман даярлаудың маңызды кепілі, – дейді колледж директорының оқу-өндіріс ісі жөніндегі орынбасары Жеңіс Тайбеков.

*Суретті түсірген автор*

## СЫН САҒАТТА СЫНАЛҒАНДАР

ДАТА

**Теміржолдың «жедел жәрдемі» аталған Қалпына келтіру пойыздарының құрылғанына – 90 жыл. 1936 жылы 11 қарашада теміржолда қалпына келтіру пойыздарын құру туралы КСРО Қатынас жолдары министрлігінің бұйрығы шыққан.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



Айтулы датаға орай Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі қалпына келтіру пойыздарының 90 жылдық мерейтойын атап өтті.

Бүгінде Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің қарамағында Орал, Ақтөбе, Қандыағаш, Шалқар және Әйтеке би станцияларында орналасқан бес қайта қалпына келтіру пойызы жұмыс істейді. Әрқайсысының міндеті ортақ – кез келген төтенше жағдайда оқиға орнына жылдам жетіп, теміржол қозғалысын мүмкіндігінше қысқа мерзімде қалпына келтіру.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Бөріхан Беркімбаев сала қызметкерлерін құттықтап, олардың жауапты еңбегіне жоғары баға берді.

– Тоқсан жылдық тарих – бірнеше буын теміржолшының қажырлы еңбегі мен кәсіби шеберлігінің жемісі. Қалпына келтіру пойызы – теміржол саласының сенімді тірегі. Қиын сәтте жедел әрекет етіп, жауапты міндетті абыроймен атқаратын мамандардың еңбегі әрдайым ерекше құрметке лайық. Ардагерлерімізге өнегелі жолы үшін алғыс айтамын. Ал бүгінгі ұжымға кәсібилігі мен табандылығы үшін ризашылығымды білдіремін, – деді бөлімше басшысы.

Ақтөбе қалпына келтіру пойызының басшысы Тайыр Бухарбаев басқаратын ұжымда қазіргі таңда 28 адам еңбек етеді. Мекеме барлық қажетті арнайы техникамен жабдықталған. Оның құрамында жүк көтерімділігі 80 және 250 тонналық екі кран, екі бульдозер, тартқыш техника және өзге де арнайы жабдықтар бар. Гидравликалық домкраттар мен қосалқы құралдар да күрделі жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді. Биыл төтенше жағдай бойынша шығу болған жоқ. Дегенмен ұжым келісімшарт негізіндегі жұмыстарды атқарып, оқу-жаттығулар өткізіп келеді.

– Қалпына келтіру пойыздарының жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрық негізінде дайындық және оқиға орнына шығу нормативтері белгіленген мамандандырылған пойыздар құрылды. Содан бері бұл қызмет теміржол инфрақұрылымының сенімділігін қамтамасыз ететін маңызды буынға айналды.Тоқсан жыл ішінде қызметтің де, техниканың да мүмкіндігі айтарлықтай өзгерді. Заманауи жабдықтармен жаңарып, жұмыс сапасы артты. Бірақ жауапкершілік жүгі өзгерген жоқ, – дейді Тайыр Бухарбаев.

Салтанатты шара барысында қалпына келтіру пойыздарында еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерге мерейтойлық медальдар, Құрмет грамоталары мен естелік сыйлықтар табысталды. Ақтөбе қайта қалпына келтіру пойызының зейнеткері Бошық Қуатов пен Шалқар пойызының ардагері Қаналы Сырлыбаевқа құрмет көрсетілді.

*Суретті түсірген автор*

## МАЙШАММЕН ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕ

ҚАУІПСІЗДІК

**Түбек темір жолында жолаушылар пойызының алдынан мал шығу дерегі жиіліп кеткен. Талай жанның тағдырын арқалап келе жатқан теміржол көлігінің малмен соқтығысуы кім-кімді де алаңдатпай қоймайды.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау



Маңғыстау өңірінде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, өкінішке орай, қалыпты үрдіске айналып бара жатқан бұл жағдай ревизорлардың ұйқысын қашырып, тыныштығын бұзған.

Өйткені жыл басынан бергі деректерді сөйлетсек, осы жылдың басынан бастап локомотив бригадалары жолға төрт түліктің шығуына байланысты 34 рет шұғыл тежеу берген. Оның 30 жағдайында мал басылған. Соқтығысудың 53 пайызы малға қарсы қоршаусыз учаскелерде болған. Аталған жайттардың кесірінен 17 локомотив зақымдалып, пойыздар өз уақытынан 6 сағаттан астам кешіккен.

Мал басу жағдайларының басым бөлігі Бейнеу жол дистанциясы аумағында кездескен. Яғни 20 дерек осы аумақта тіркелген екен.

Ағымдағы жылдың бір ғана қыркүйек айында пойыздың жолға шыққан малмен соқтығысуының 10 жағдайы тіркеліпті. Оның сегізі жолаушылар пойыздарында болған. Сондықтан бұл мәселе қауіпсіздік саласы мамандарының мазасын қашырып, қауіпсіздік талаптарын қатаңдатып отыр. Өткізіліп жатқан алдын алу жұмыстарына қарамастан мал басу мәселесінің артып отырғанына алаңдаған теміржолшылар мұндай оқиғаларды болдырмаудың басқа да тетіктерін қарастыру керектігін айтады.

– Қозғалыс қауіпсіздігінің мұндай бұзушылықтары жүйелі түрде, жыл сайын қайталанатыны жаңға батады. Тиісті құрылымдар күшімен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар да тиімсіз. Саралап қарасақ, мал басулардың жартысынан астамы малға қарсы қоршау жоқ жерлерде болады екен. Бұдан шығатыны, мал қоршауын салуды жоспарлау кезінде көп жағдайда соқтығысу қаупі жоғары жерлер ескерілмейді. Мысалы, ПЧ Бейнеу бойынша шұғыл тежеулердің ең көбі Бейнеу – Қызыл Әскер, Бейнеу – Күйкен, №5-6, №7 – Сайөтес бекеті аралықтарында орын алған. Бұл осы мәселені зерделеп, тиісті қорытынды шығару қажеттігін көрсетеді. Себебі кейде тіпті тексеру актілерінде малға қарсы қоршаудың жай-күйі, малдың темір жол бойында болуы көрсетілмейді. Сондай-ақ жергілікті жерлерде профилактикалық жұмыстардың журналдары тексерілмейді. Сондықтан осындай жайттарды назарға ала отырып қажетті іс-шараларды қолға алу керек, – деген Қозғалыс қауіпсіздігі ревизоры Бисен Жалмұқановтың айтуынша, ревизорлар соңғы 3 жылдағы малға қатысты шұғыл тежеулердің ең көп тіркелген аумақтарына талдау жүргізіп, қажет болған жағдайда мал қоршауын салу және жөндеу жоспарына түзетулер енгізу қажеттігін алға тартады.

Оның айтуынша, қозғалыс қауіпсіздігі саласы мамандарының осы мәселеге қатысты қойып отырған біраз ескертпелері бар. Соның ішінде ерекше атап өтерлігі, шұғыл тежеу жиі берілетін аумақтардағы ПЧ басшыларының жұмысын жандандырып, профилактикалық іс-шараларды жүргізудің тиімділігін тексеру және оны селекторлық жиналыста талдау қажет. Мал басумен байланысты бұзушылықтардың шығу себеп-салдарын зерттеп, шешімін табуға назар аударуды күшейту. Жауапты тұлғалардың жауапкершілігін арттыру үшін тиісті шаралар қолдану. Мал қоршауын салу мен жөндеудің орындалуына ішкі бақылауды ұйымдастыру бойынша жауапкершілікті күшейту. Жолаушылар пойызының малға соқтығысуының әрбір жағдайы үшін желілік және өңірлік деңгейлерде қабылданатын шаралардың тиімділігін анықтау. Бұл бағытта жетекшілік ететін басшыларға бақылауды әлсіретпеуі немесе жұмысын атүсті ұйымдастырмауы үшін тиісті талаптар қою. Осындай міндеттерді қажетті мекемелердің алдына қойып отырған ревизорлық аппарат темір жолға мал шығуының алдын алуды бүгінгі күннің басты жоспарына енгізіп отыр. Жағдайды реттеу жолдары да қатаң қадағаланбақ. Қысқасы, қазір Маңғыстауда мал мәселесі майшаммен қаралып отыр. Нәтижесі алдағы уақыттың еншісінде.

*«Қазтеміртранс» АҚ сату жөніндегі Комиссия отырысының 2026 жылдың 13 қарашадағы № 13 хаттамасына 4-қосымша*

## САУДА ЖАЙЛЫ ЕСКЕРТПЕ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қоғам) 2026 жылғы 2 желтоқсанда сағат 13:00 бастап (Астана уақыты бойынша) www.e-qazyna.kz мемлекеттік мүлікті тіркеу веб-порталында Қоғам мүлкінің бағасын көтеру бойынша Аукцион түріндегі электронды сауда өткізетіндігін хабарлайды.

Активтерді сату «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 20 қазанындағы № 18 хаттама) «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының мүлігін сату жөніндегі ережелеріне және «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 23 мамырындағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тіркелімінің веб-порталында мүлікті сатуды өткізу туралы регламентке (ары қарай – Регламент) сәйкес өтеді.

**Төмендегідей активтерге аукцион жарияланады:**

3 Лот – жүк вагондары 62 дана, бастапқы/басты бағасы 191 199 496 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 28 679 925 теңге, орналасқан жері: Қостанай облысы, Құсмұрын станциясы – 1 жабық, 57 жартылай вагон; Ақмола облысы, Есіл станциясы – 4 жартылай вагон;

5 Лот – жартылай вагондар 45 дана, бастапқы/басты бағасы 137 964 097 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 20 694 615 теңге, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, оның ішінде: 44 жартылай вагон, Пойма станциясы; 1 жартылай вагон, Орал станциясы;

**Кепілдік салымдар «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ шотына аударылады: БСН: 050540004455, БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ226018871000394291, КНП 857, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлем түрі: электронды саудаға қатысу үшін кепілдік салым (кепілдік салым төлеміне банк қызметі үшін төлем енбейді). Кепілдік салым ретінде Банктік кепілдік есепке алынбайды.**

**Кепілдік салым «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ шотына уақтылы аударылу мақсатында кепілдік салымды өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күні ішінде аударуға кеңес беріледі.**

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілімнің веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап тізілімнің веб-порталында жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады.

Сауда-саттықтарға қатысу үшін тізілім веб-порталында төмендегілерді көрсетіп, алдын ала тіркелуі қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, бірінші басшысының тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарналарды қайтару үшін екінші деңгейдегі банктерде банктік есепшоттың деректемелерін /реквизиттерін/;

4) байланыс деректерін (пошталық мекен-жайы, телефон, факс, e-mail).

Тізілім веб-порталына енгізілген жоғарыдағы деректер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде деректерді өзгертеді.

Әрбір сатылған объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамасымен рәсімделіп, аукцион өткізілген күні сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ қолдана отырып тізілім веб-порталында қол қойылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижесін белгілейтін және жеңімпаз бен сатушының міндеттерін сауда бағасы бойынша нысанды сату-сатып алу шартына қол қойған құжат болып табылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік салымды қайтармайды.

Жеңімпаз сату-сатып алу туралы шартқа сауда веб-порталда өткен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қол қояды.

Сайысты өткізу талаптары, саудаға қатысушыларды рәсімдеу тәртібі, Жеңімпазды анықтау талаптары туралы толық ақпаратпен «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ сайтындағы Регламенттен танысуға болады.

**Сауданы өткізу туралы қосымша ақпаратты www.e-qazyna.kz сайтынан немесе мына телефон нөмірлері арқылы білуге болады: 8 (7172) 55-29-81, 95-54-89, 95-54-88 («Ақпараттық-есептік орталық» АҚ) және +7 747 702 28 78 («Қазтеміртранс» АҚ).**

№91 (3238) 17/11/2026

# РЕЗУЛЬТАТ – В ЦИФРАХ

БЕЗОПАСНОСТЬ

**В октябре в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо не допущено ни одного нарушения безопасности движения поездов. При этом работники перевыполнили план по ряду ключевых эксплуатационных показателей.**

**Любовь НЕГЕМБЕЛЕВА,**
Алматы

Так, перевозочная работа при плане 1 975,5 миллиона тонно-километров брутто составила 2 087,1 миллиона, или 105,65%. Среднесуточная производительность локомотива в октябре выросла на 3,67% – до 865 тысяч тонно-километров брутто при плане 835 тысяч. Среднесуточный пробег локомотива достиг 420 километров, что превышает план на 4,7%. Полезная работа выполнена на 107,46% к плану и составила 11,05 часа. Средний вес поезда достиг 2 443 тонны (99,22%), техническая скорость составила 38 километров в час при планируемых 39,01 километра.

В книгу замечаний машинистов в октябре поступило 718 рапортов, из них 668 рапортов – от ТЧЭ-28 Алматы и 50 от ТД-27 Сарыозек. В адрес РЦУП-2 от машинистов поступило 470 рапортов, Алматинского отделения – 433.

Локомотивными бригадами ТЧЭ-28 за прошлый месяц применено 71 экстренное торможение, что на 11 больше, чем годом ранее. В 10 случаях причиной остановки стали люди, нарушившие правила пересечения путей. Два из них закончились наездом. В 24 случаях к экстренной мере прибегли из-за выхода на пути скота, при этом в девяти из них наезда избежать не удалось. Беспечность автовладельцев спровоцировала три экстренных торможения, один случай закончился столкновением. Кроме того, в октябре четырежды был сорван стоп-кран, в 24 случаях причиной остановки стал сбой кодов АЛСН. В целом в работе АЛСН на локомотивах допущено 66 случаев сбоя.

Что касается трудовой и производственной дисциплины, внезапные проверки по итогам месяца выявили нарушения правил технической эксплуатации и браки в работе 77 работников, все они привлечены к дисциплинарной ответственности.

– Каждый случай детально прорабатывается на технических занятиях и планерных совещаниях. Мы выпускаем технические бюллетени, проводим практическое обучение, – проинформировал начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Алмас Жанаткалиев. – Стоит отметить, что система технического обучения локомотивных бригад, инженеров по расшифровке, дежурных по депо, машинистов-инструкторов постоянно совершенствуется.

Он подчеркнул, что руководители депо лично контролируют качество проведения технических занятий и проверку изученного материала. Кроме того, установлен ежедневный контроль выполнения локомотивными бригадами требований ПТЭ, ИДП, ИСИ, действующих инструкций и приказов АО «НК «ҚТЖ» и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

– Безопасность движения остается для нас безусловным приоритетом. Важно не только своевременно выявлять нарушения, но и не допускать их повторения. Поэтому особое внимание уделяем дисциплине, профессиональной подготовке локомотивных бригад и соблюдению требований безопасности, – отметил Алмас Жанаткалиев.

# ПРАВИЛА – ДЛЯ ВСЕХ

**Любовь РОВБА,**
Астана

ИТОГИ

**С начала 2026 года за переход железнодорожных путей в неположенном месте к ответственности привлекли более 43 тысяч человек по всему Казахстану.**

С января по октябрь на объектах транспорта зафиксировано 81 346 различных административных правонарушений. В большинстве случаев это игнорирование правил пересечения пути. Нахождение людей на путях стало причиной 262 случаев экстренного торможения поездов. Еще 1 052 вынужденные остановки связаны с выходом на рельсы домашних животных.

